

Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының I тоқсан бойынша есебі

М. Әуезов атындағы № 86 мектеп - гимназиясында 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім- мейірім мекені!» атты салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында 1- сыныпқа қадам басқан бүлдіршіндердің қадамына сәттілік тіленіп, 11- сынып бітіргелі отырған жас түлектерге сәт сапар жолданды. Сонымен қатар мектебіміздің басшысы Г.О. Оразбекова мен құрметті қонағымыз жүрек жарды құттықтау сөздерімен, оқушылардың өнер көрсетулерімен жалғасты. Барлықтарыңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге бүгінгі ерекше күнде жақсы көңіл-күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық табыс, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілейміз.



https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/C_XaKmbMgQi/

Отбасы күнін мерекелеуге арналған «Дені сау ұрпақ» күніне орай «Әке, ана және мен» атты спорттық эстафета ұйымдастырылды. Эстафетаға 7 отбасы қатысып, қызықты әрі тартысты ойын өтті. Жарыс барысы отбасылық жылулық пен сыйластықта өрбіді. Жарысқа қатысқан барлық отбасыларына алғысымызды білдіреміз.



https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/C_nKqfGur7V/

2024 жылдың 27 қыркүйегінде М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында «Құқығым бар» тақырыбында 8 сынып оқушыларына арналған жиналыс өтті. Мақсаты: жасөспірімнің қиын жағдайда өз мінез-кұлқы үшін жеке жауапкершілігін дамыту; Қиын жағдайларда кеңес беру. Жиналысқа 8 сыныптың ұлдары мен қыздары қатысты. Қауіпсіздік, қауіпсіздіктің алдын алу бойынша, «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында және бөтен адамға жоламау тақырыптарына түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Зиянды әдеттер және олардың алдын алу, зиянды әдеттерді психологиялық тұрғыда қарастырылып, оқушылармен талқыланды. Жас ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әдеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратыны ескертілді. Астана қаласы «Алматы» ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры, ювеналдық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы Ғ.Т.Шамаева «Буллинг.Буллингтің алдын алу» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізді. Оқушыларға буллинг, кибербуллинг, ұрлық жасау, түнгі уақытта ата-анасыз жүру, ойын-сауық орталықтарына бармау, қоғамдың ортаны ластамау т.б мәселелер бойынша құқық бұзушылық жағдайлары орын алғанда қандай жазалар қолданылатыны нақты заңнамадағы баптармен түсіндірілді. Астана қаласы Алматы ауданының ПБ АПБ КПБ жедел уәкілі полиция лейтенанты Заңғар Тілекұлы К«Бопсалау», «Бұзақылық» тақырыбында дәріс оқыды.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAbTvJKMrCi/>

Қазақ әдебиетінің заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің туған күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік «Әуезов тағылымы» апталығының аясында дене шынықтыру мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қала мектептері арасында “Әуезов кубогы” жеңімпазын анықтау мақсатында волейболдан ұлдарға арналған турнир өтті.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAdWzlNutU2/>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 26-27 қыркүйек күндері мектебімізде ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде «Отбасы құндылықтары» тақырыбында психологиялық тренинг, «Қауіпті

ойындар»,
«Буллинг. Буллингтің алдын алу», «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы. Ата-аналар ережесі.
Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері. Отбасына әлеуметтік қолдау көрсету және көмек көрсету түрлері.
Жанжалсыз қарым-қатынас өнері: ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасау бойынша кеңестер айтылды.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAdEUYoOGnE/>

Биік шыңнан көрінген ақылымен
Мұхтар - тұлға, Мұхтар - дара, Мұхтар – дана
Мың ғасырда бір - ақ рет туылатын
Алып шың, алып тұлға, Мұхтар ғана-демекші, бүгін мектебімізде
М.Әуезовтың туған күніне орай «Туған күніңмен, ҰЛЫ АДАМ!»
тақырыбындағы әдеби-музыкалық қорытынды концертпен апталық
қорытыланды.



https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAdfB_usd6Q/

Астана қаласы Мұхтар Әуезов атындағы **#86** мектеп гимназиясының өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп мақтанышы жұлдыздары және ұстаздары ұйымдастыруымен 1 - қазан қарттар күніне арналған мерекеге орай Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына арнайы барып, мерекелік концерт ұсынып, гүл шоқтарын сыйлады.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAlazbJsG8q/>

1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай мектебімізде «Әжелер» мектебінің әжелерін, мектептің ардагер ұстаздарын және ардагер жұмыскерлерді аға ұрпақтың мектеп өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіріп және қарттарға қамқорлық көрсету мақсатында мерекелік іс- шара өткізілді. Іс- шарада мектеп директоры Гульмира Оралқызы құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлерімізге алғыс хат пен сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар оқушылар мен ұстаздар музыкалық құттықтауларларымен әжелеріміздің көңіл – күйін көтеріп, алғыстарын білдірді.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAlYvtOhl4/>

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы сөйлеген сөзінде жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарына ерекше мән берді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын әлеуметтік жобалар, театрландырылған қойылымдар мен басқа да креативті бастамалар білім алушылардың бойында шығармашылық, мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету секілді адамдық қасиеттерді қалыптастыратын әрекеттерге бағытталған. Тұлғалық тәрбие берудегі педагогтың рөлі өте зор. 3-қазан күні «Ұстаздар күні» мерекесіне орай М.Әуезов атындағы 86 мектеп-гимназиясында республика көлемінде «Қалықта, әнім, “Ұстазым» деп!» бастамасымен «Даналық ұстаздан» челленджі өткізілді. Атқарылар шара елімізде мұғалімдер мәртебесін одан әрі дамытуға бағытталған.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAPx-haORt0/>

Мектебімізде Ұстаздар күніне арналған «Қалықта, әнім, «Ұстазым» деп!» атты мерекелік концерт өтті. Мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Концерттік шараның қызықты өтуіне мектептің өнерлі оқушылары мен 11-сыныптың оқушылары белсене ат салысты. Олар мерекелік гүл шоқтарын ұсынып, ұстаздарының көңілінен шықты.

Алтынсарин төсбелгісіне ие болу ұзақ жылдардың тынымсыз еңбегінің жеміс. Бір ғана өзінен екі мұғалімге Ыбырай Алтынсарин төсбелгісі және үш мұғалімге Министрдің Құрмет грамотасын табысталды. Мектепке ерен еңбегі сіңген бірқатар мұғалімдер Әуезов төсбелгісіне ие болды. Олардың әрқайсысының білім сала сына қосқан сүбелі үлесі мен айшықты жолы ерекше. Қажырлы еңбек етіп, көпке үлгі болған ұстаздардың марапаттың биігінен көрінуі құба-құп.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DAxW-YoCR8Q/>

Мектебімізде 10 қазан күні Астана қаласы, Алматы ауданы полиция қызметкерлері Тулебаева М.А, Итбаев Е, Толыбай М. 9, 10 сынып оқушылармен кездесіп құқық бұзушылықтың салдары мен оны болдырмау жолдары туралы, жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында алдын- алу, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар мектеп психологі Темірхан Л.Қ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Толеубекова А.А. Дусчанова А.У. оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DA_DuCHMTxY/

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша : Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін, қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріліп, құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету мақсатында 9-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру жұмыстарын аудандық прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры Барболов А, Қ. және жергілікті полиция бөлімінің бастығы Сарсенбаев Н.А. қатысуымен өткізілді. Кездесуде құқықбұзушылыққа қатысты бейнероликтер және оның салдары қандай болатыны туралы айтылды. Арнайы орган қызметкерлеріне оқушылардан буллингке қарсы және одан қорғану бойынша сұрақтар еркін қойылып, жауаптар алынды.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBAzpYUImg4/>

Отанымыздың біртуар ұлы Сәкен Сейфулиннің 130 жылдық мерейтойына арналған мектебімізде «Сәкенге сай сымбат» атты байқау өткізілді. Байқауға мектебіміздің сері де, сымбатты ұл балалары таңдалып алынып, білім мен ойы бәсекеге түсті. Бас жүлдеге 7 «и» сынып оқушысы Сапарбек Сабыржан ие болса, «Бала Сәкен» номинациясы бойынша 5 «и» сынып оқушысы Жарқынбек Рамазан марапатталды. Сайысқа белсене қатысқан барлық оқушыларға жүлделі орындар мен сертификат табысталды.



https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBMQ_P2sXbt/

Өскелең ұрпақтың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту, елжандылыққа тәрбиелеу, қайсар жауынгер ұлы тұлғалардың ерлігін үлгі тұтуды нысхаттау мақсатында Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай мектебіміздің оқушыларына армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің ұландары шеберлік сағатын өткізді. Іс- шараны өткізген Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледждің әдіскері Маманова Шарафат Тұрсынбайқызы мен 1,3 рота ұландарына алғыс білдіреміз. Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді қалыптастыруда бұл іс- шараның маңызы зор.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBOp8GQsSKy/>

Мектебімізде 14-18 қазан аралығында қазақтың біртуар ұлы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған “Сыршыл Сәкен, сері Сәкен, сырбаз Сәкен” атты апталық болып өтті.

Сәкенге арналған сынып сағаттары, “Сәкенге сай сымбат” ер балалар арасында байқау, “Ақбоз ат менің тұлпарым” суретшілер сайысы, “Қазақ әдебиетінің ақсұңқары” атты әдеби кеш болып өтті. Бұл кеште Сәкеннің сырлы әндері айтылып, өлеңдері оқылып, күйлері тартылды. Кеш соңында мектеп директоры Оразбекова Гүлмира Оралқызы сөз алып, апталық шарасындағы жеңімпаздарды арнайы дипломдармен марапаттады. Сәкенді үлгі еткен ұлтын сүйер, өнерлі, қажырлы, білімді ұрпақтарымыз өсе берсін!



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBSuPXNis76/>

2024 жылдың 18 қазанында сағат 18.00-де М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында «КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» тақырыбында І ауысымның 8,9,10,11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өтті. Жиналысты мектеп директоры Г.О.Оразбекова бастап, күн тәртібімен таныстырып, қазіргі таңда орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың көбею туралы, оның алдын алу үшін ата-аналармен бірлесе қадағалап, баланың қауіпсіздігіне назар аудару керектігі туралы айтты. Алматы ауданының ПБ ЖПҚБ ЮПБ майоры, мектеп инспекторы Г.Т.Шамаева кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазаның түрлері мен ата-аналардың жауапкершілігі туралы мағлұмат берді. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Толеубекова балаларға арналған қауіпсіздік ережелері, мектептің ішкі тәртібі мен ата-аналар ережесі туралы ақпарат берді.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBSujANCOcC/>

Бүгін мектебімізде 25 қазан Республика күніне арналған “Республикам - мақтанышым!” атты мерекелік концерт өтті. Тәуелсіз елімізге деген ерекше патриоттық сезімдері мен алғыстарын мектеп оқушылары түрлі өнерлерімен көрсетіп, ыстық ықыластарын білдірді. Ұжымды мектеп директоры Оразбекова Гульмира Оралқызы, Астана қалалық мәслихат депутаты Ажикенова Мадина Берикболқызы, АМАНАТ партиясы, атқарушы хатшысы Актайлакова Гүльмира Нұрлановна құттықтау сөз сөйлеп, алғыс хатпен марапаттады. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы мәңгі желбіресін, Республика күні құтты болсын!



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBg89PLuYG7/>

Республика күніне орай мектебімізде волейболдан жарыс өтті. Волейболға 8 сынып құрама командасы, 9 құрама, 10ә, 10г сынып командалары және 11 сынып құрама командасы қатысты. 1 орынды 11 сынып құрамасы, 2 орынды 9 сынып құрамасы, 3 орынды 10г сынып командасы иеленді.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBn4QfluAfc/>

24.10.2024 жылы Қазақстан Республикасы күніне арналған “СПОРТ, ДЕНСАУЛЫҚ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ - бұл ең үлкен мәдениеттілік” акциясына байланысты 3 “з” және 3 “и” сынып оқушылары арасында эстафета өткізілді. Нәтижесінде 3 “з” сыныбы басымдылық танытып жеңіп шықты, сыныптар дипломдар мен алғыс хатпен марапатталады.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziia/p/DBn4XESojU8/>

Каникул кезінде оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануды ұйымдастыру мақсатында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттауға арналған волейболдан жарыс 7-11 сынып қыз балалар арасында өтті. Нәтижесінде:

Үздік ойыншы Амангелді Қарақат 7 сынып, Үздік шабулышы Елтай Мерует 10 сынып, Үздік доп үйлестіруші Мұрат Нұрай 7 сынып, Үздік қорғаушы Ноғайбек Айкен 6 сынып оқушылары атағын иеленсе, 1-орынды 8 сынып қыздары, 2-орынды 10 сынып қыздары, 3-орынды 7 сынып қыздары алды.



<https://www.instagram.com/86mektepgimnaziaa/p/DBtQDuBi0QL/>